



**Автор:** Кумекбаева Венера Искаковна  
**Пән:** Жаратылыстану  
**Сынып:** 1-сынып  
**Бөлім:** Өсімдіктер  
**Тақырып:** Өсімдіктер-тірі ағзалар

Сабақтың мақсат міндеттері	1.2.1.1 өсімдіктердің негізгі сипаттамаларын және олардың өмірлік формаларын анықтау;
----------------------------	---

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың барысы	Барлық оқушылар: Өсімдіктердің негізгі сипаттамаларын атайды. Көптеген оқушылар: Тірі және жансыз заттарды топтастыруды үйренеді. Кейбір оқушылар: Өсімдіктердің тірі ағза екенін анықтайды.	
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Ширату . Мүз жарғыш ойыны. Айналаға қарап, сыныптағы көріп тұрған үш жанды, үш жансыз заттарды алып келу. Осы заттардың бір бірінен айырмашылығы мен ұқсастығын айтады . Тақтаға «Тірі» және «Жансыз» деп жазылған екі кесте қойылады. Топ бойынша таңдаған суреттерін қажетті жазбаның астына орналастырады. «Тірі» денелер: ағаш, ит, жәндік. «Жансыз» денелер: тас, су, асық. Топқа бөлу. «Тірі» денелер. «Жансыз» денелер.	